



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі

**ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ
ЖІКТЕУ ЖӘНЕ КОДТАУ ЖҮЙЕСІ**

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**СИСТЕМА КЛАССИФИКАЦИИ И КОДИРОВАНИЯ
ТЕХНИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ**

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

ҚР СТ 5.0-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі

**ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ
ЖІКТЕУ ЖӘНЕ КОДТАУ ЖҮЙЕСІ**

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

ҚР СТ 5.0-2015

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2020 жыл
5 жыл**

5 ҚР СТ 5.0-2005 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесі. Негізгі ережелер» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі
ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ
КОДТАУ ЖҮЙЕСІ
НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Енгізілген күні 2017.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт:

- Қазақстан Республикасындағы техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесінің (ТЭА ЖКЖ) қолданылу саласын, терминдері мен анықтамаларын, жалпы ережелерін;
- техникалық-экономикалық ақпаратты (бұдан әрі – ТЭА) жіктеу және кодтау санаттары мен әдістерін;
- жіктеуіштерді тіркеудің және жүргізудің негізгі ережелерін;
- Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштері депозитарийінің негізгі ережелерін (бұдан әрі – ҰТЭАЖ) белгілейді.

Стандарт талаптары өз қызметінде ТЭА ЖКЖ объектілерін пайдаланатын мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады:

ҚР СТ 1037-2001 - Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар;

ҚР СТ 5.2* Техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесі. Мемлекеттік техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін жүргізу туралы ереже.

ГОСТ 16487 – 83 Іс жүргізу және мұрағат ісі. Терминдер мен анықтамалар.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып

ҚР СТ 5.0–2005

шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1037 және ГОСТ 16487, [1] бойынша терминдер қолданылады (пайдаланылады). Оларға қосымша осы стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар белгіленген:

3.1 Жіктеу

3.1.1 Жіктеу: Көптеген объектілердің қабылданған белгілерге сәйкес ұқсастығы немесе айырмашылықтары бойынша топтарға бөлінуі.

3.1.2 Жіктеу жүйесі: Жіктеу әдістері мен ережелерінің, жіктеу және кодтау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар мен қызметтердің жиынтығы, оның нәтижесі.

3.1.3 Жіктеу объектісі: Жіктелетін көпшілік элементі.

3.1.4 Жіктеу белгісі: Жіктеу жүргізілетін объектінің қасиеті мен сипаттамасы.

3.1.5 Жіктеу белгісінің мәні: Жіктеу белгісінің сапалық немесе сандық көрінісі.

3.1.6 Жіктеу топтамасы: Жіктеу нәтижесінде алынған объектілердің жиынтығы.

3.1.7 Жіктеудің сатылы әдісі: Объектілердің көпшілігін бағынышты жіктеу топтарына жүйелі бөлу.

3.1.8 Жіктеудің фасеттік әдісі: Көптеген объектілердің тәуелсіз жіктеу топтауларына параллел бөлу, содан кейін параллел тәуелсіз фасеттерге қалыптастырылады.

3.1.9 Жіктеу сатысы: Нәтижесінде жіктеу топтамаларының жиынтығы алынатын сатылы әдіс кезіндегі жіктеу кезеңі.

3.1.10 Жіктеу тереңдігі: Жіктеу сатыларының саны.

3.2 Кодтау

3.2.1 Код: Жіктелу топтамасын және (немесе) жіктеу объектісін белгілеу үшін қабылданған белгі немесе белгілер жиынтығы.

3.2.2 Кодтау: Кодтың түзілуі және жіктеу тобына және (немесе) жіктеу объектісіне берілуі.

3.2.3 Кодтау жүйесі: Берілген көпшіліктің жіктеу топтамалары мен жіктеу объектілерін кодтау әдістері мен ережелерінің жиынтығы.

3.2.4 Код алфавиті: Код түзу үшін қабылданған белгілер жүйесі.

Код алфавитінің мынадай түрлері бар: әріптік, әріптік-сандық және сандық.

3.2.5 Код негізі: Код алфавитіндегі белгілер саны.

3.2.6 Кодтың сандық алфавиті: Белгілері сан болып табылатын код алфавиті.

3.2.7 Кодтың әріптік алфавиті: Белгілері табиғи тілдер алфавиттерінің әріптері болып табылатын код алфавиті.

3.2.8 Кодтың әріптік-сандық алфавиті: Белгілері табиғи тілдер алфавиттерінің әріптері және сандар болып табылатын код алфавиті.

3.2.9 Код ұзындығы: Аралықтарды есепке алмай саналған кодтағы белгілер саны.

3.2.10 Код құрылымы: Кодта белгілердің құрамы мен орналасу бірізділігінің шартты белгіленуі.

3.2.11 Бақылау саны: Кодтың дұрыс жазылғанын тексеру үшін пайдаланылатын есептік сан.

3.2.12 Кодтаудың бірізді әдісі: Жіктеудің сатылы әдісі жағдайында алынған бірізді орналасқан бағынысты топтардың кодтарды пайдаланып жіктеу тобының және (немесе) жіктеу объектісінің кодын түзу және оны тағайындау.

3.2.13 Кодтаудың параллел әдісі: Жіктеудің фасеттік әдісі кезінде алынған тәуелсіз топтамалардың кодтарын пайдаланып жіктеу тобының және (немесе) жіктеу объектісінің кодын түзу және оны тағайындау.

3.2.14 Кодтаудың реттік нөмірі: Натурал қатар санынан кодты түзу және оны тағайындау.

3.2.15 Кодтаудың сериялық-реттік нөмірі: Натурал қатар сандарынан код түзу, бірдей белгілері бар жіктеу объектілеріне жеке серияларды немесе осы сандардың ауқымын бекіту және оны тағайындау.

3.2.16 Қайта кодтау: Кодталған жіктелу тобына немесе жіктеудің кодталған объектісіне жаңа код тағайындау.

3.2.17 Қайта кодталған кесте: Әр түрлі жіктеуіштерден алынған бір ғана жіктеу топтары мен (немесе) жіктеу объектілерінің кодтарының сәйкестік кестесі.

3.3 Жіктеуіш құрылымы

3.3.1 Жіктеуіш: Жіктеу топтамалары мен (немесе) жіктеу объектілерінің атаулары мен кодтарының жүйеленген жиынтығын білдіретін ресми құжат.

3.3.2 Ресми құжат: Ұйым немесе лауазымды тұлға әзірлеген және белгіленген тәртіппен ресімделген құжат.

3.3.3 Жіктеуіш позициясы: Жіктеу топтамасының немесе жіктеу объектісінің атауы мен коды.

3.3.4 Жіктеуіш сыйымдылығы: Жіктеуіш құралатын позициялардың ең көп саны.

3.3.5 Жіктеуіштің резервтік сыйымдылығы: Жіктеуіштегі бос позициялардың саны.

ҚР СТ 5.0–2005

3.4 Жіктеуішті жүргізу

3.4.1 Жіктеуішті жүргізу: Жіктеуішті жаңғыртылған күйде ұстау.

3.4.2 Ақпараттық технологияларды қолданып жіктеуішті жүргізу.

3.4.3 Жіктеуішті жүргізу жүйесі: Жіктеуішті жүргізуді және абоненттерге ақпараттық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін қызметтердің, әдістер мен құралдардың жиынтығы.

3.4.4 Ресми құжат түпнұсқасы. Түпнұсқа: Ресми құжаттың алғашқы немесе жалғыз данасы.

3.4.5 Міндетті келісу ұйымдары: ҰТЭАЖ және оларға енгізілетін өзгерістерді келісуді жүргізетін ұйымдар.

3.4.6 Жіктеуіш телнұсқасы: Түпнұсқаның заңды күшіне ие жіктеуіштің қайталанған данасы.

3.4.7 Жіктеуішті әзірлеу: Әзірлеуші ұйымдастыратын және жүргізетін іс-шаралар кешені.

3.4.8 Жіктеуішті әзірлеуші: Әзірлеуші меморганның жіктеуіш жобаларын әзірлеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі.

3.4.9 Әзірлеуші ұйым: ҰТЭАЖ әзірлеуді және енгізуді жүзеге асыратын ұйым, мекеме, анайы құрылған жұмыс тобы.

3.4.10 ҰТЭАЖ депозитарийін жеткізушілер: Депозитарийді жеткізуші – ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеуге, бекітуге және жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар.

3.4.11 ҰТЭАЖ депозитарийін пайдаланушылар: Депозитарийді пайдаланушылар – Депозитарийдегі ақпарат пен жіктеуіштерді пайдалануға мүдделі мемлекеттік органдар.

3.5 Жіктеуіштер санаттары

3.5.1 Жіктеуіш санаттары: Жіктеуіштің бекітілу және қолданылу саласының деңгейіне байланысты оның нақты топқа жататындығын көрсететін белгі.

3.5.2 Халықаралық жіктеуіш: Жіктеуішпен айналысатын халықаралық ұйым бекіткен және тұтынушылардың кең ортасына қолжетімді жіктеуіш.

3.5.3 Мемлекетаралық жіктеуіш: Мемлекетаралық стандарттау, метрология және сертификаттау кеңесі қабылдаған, кеңестің барлық мүше мемлекеттеріне қолжетімді жіктеуіш.

3.5.4 Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіші (ҰТЭАЖ) – техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеу топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтығын білдіретін құжат.

3.5.5 Салалық (ведомстволық) жіктеуіш: Министрліктер мен ведомстволардың белгілі бір саласының ресми статистикалық ақпаратын жасауда қолдану үшін белгіленген тәртіппен енгізілген жіктеуіш, номенклатура, анықтамалық.

Салалық (ведомстволық) жіктеуіштерде, номенклатураларда ұлттық жіктеуіштерге енгізілмеген ақпарат жазылады. Салалық (ведомстволық) жіктеуіштер, номенклатуралар оларда жазылған позицияларды қайта құрастыру жолымен халықаралық, ұлттық жіктеу негізінде әзірленеді.

3.6 Жіктеуіштерді тіркеу

3.6.1 Жіктеуіштерді тіркеу: Бекітілген жіктеуішке тіркеу нөмірін беру және қажетті мәліметтерді тізілімге енгізу.

3.6.2 Жіктеуішті мемлекеттік тіркеу: Ұлттық жіктеуішті ҰТЭАЖ тізіліміне тіркеу.

3.7 ҰТЭАЖ депозитарийі

3.7.1 ТЭА МЖ депозитарийі: Ведомствоаралық сипатқа ие техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің жиынтығын білдіретін, оларды қалыптастыруды, есепке алуды, жаңғыртылған (бұдан әрі – жаңғырту) күйде ұстауды Депозитарийді пайдаланушылардың мүддесі тұрғысынан ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ететін арнайы қор.

4 Негізгі ережелер

4.1 ТЭА ЖКЖ негізгі ережелері

4.1.1 ТЭА ЖКЖ өзара байланысты ТЭА-нің, оларды әзірлеу және жүргізу жөніндегі нормативтік және ғылыми-әдістемелік құжаттардың, сондай-ақ жіктеу және кодтау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар мен қызметтердің жиынтығынан тұрады.

ТЭА ЖКЖ ТЭА жіктеу және кодтау жөніндегі жұмыстардың жоспарлау және жүргізу бойынша бірыңғай тәртібін, олардың құрамы мен мазмұнын белгілейді.

4.1.2 ТЭА ЖКЖ құрудағы негізгі мақсат есептеу техникасы құралдарын қолдану негізінде экономиканы басқару процестерін ақпараттық қамтамасыз етуді стандарттау болып табылады.

4.1.3 ТЭА ЖКЖ негізгі міндеттері:

- экономиканы басқару жүйелерінде ТЭА тәртіпке келтіру, бірегейлендіру, жіктеу және кодтау;
- автоматтандырылған деректер банкі құруды қоса алғанда, ақпаратты өңдеу процестерін автоматтандыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- өзара әрекет ететін автоматтандырылған экономиканы басқару жүйелерінің ақпараттық үйлесімділігін және олардың атқарымдық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- ТЭА жіктеуіштерін және құжаттамалардың бірыңғайландырылған жүйелерін әзірлеу, енгізу және жүргізу саласында әдістемелік бірлікті қамтамасыз ету;

ҚР СТ 5.0–2005

- әртүрлі қолданылу салалары мен деңгейлеріндегі өзара байланысты ТЭА жіктеуіштерінің кешенін құру және оларды жүргізуді ұйымдастыру болып табылады.

4.1.4 Жіктеу мен кодтау объектілері экономика салаларында пайдаланылатын экономикалық объектілер мен олардың қасиеттері болып табылады, олар турады ақпарат Б қосымшасында берілген әртүрлі басқару деңгейлеріндегі құжаттардың бірегейлендірілген нысандарында жазылған.

4.1.5 ТЭА жіктеу және кодтау саласында мемлекетаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесте, сондай-ақ ақпаратты жіктеу және кодтау мәселелерімен айналысатын басқа да мемлекетаралық ұйымдар қабылдаған ұйымдастыру-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Халықаралық (өңірлік) жіктеуіштермен үйлестірілген мемлекетаралық және ұлттық жіктеуіштердің атаулары А қосымшасында берілген.

4.1.6 Уәкілетті орган ТЭА жіктеу және кодтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырады және үйлестіреді, мемлекеттік стандарттау жоспары арқылы жоспарлауды, жоспар тапсырмаларының орындалуын есепке алу мен бақылауды қоса алғанда, осы жұмыстарды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

4.2 ТЭА жіктеуіштерінің санаттары

4.2.1 ТЭА жіктеуіштерін бекіту және қолданылу саласына байланысты мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) халықаралық жіктеуіштер;
- 2) мемлекетаралық жіктеуіштер - **МЖ**;
- 3) ұлттық жіктеуіштер - **ҰЖ**;
- 4) салалық (ведомстволық) жіктеуіштер – **СЖ**.

4.2.2 ҰЖ әзірлеу тәртібі [3]-ке сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

4.2.3 ТЭА ҰЖ уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бекітеді.

4.2.4 ҰЖ-ге құжаттаманың бірегейлендірілген жүйелеріне кіретін мемлекеттік мақсаттағы құжаттардың ведомствоаралық нысандарында жазылған ақпарат кіреді және түрлі министрліктердің, ведомстволардың және кәсіпорындардың басқару жүйелері арасында ақпарат алмасу кезінде міндетті болып табылады.

4.2.5 СЖ әзірлеу тәртібін өз құзыреті шегінде тиісті мемлекеттік органдар белгілейді.

4.2.6 СЖ өз құзыреті шегінде тиісті мемлекеттік органдар бекітеді.

СЖ мемлекеттік жіктеу объектілерімен немесе осы ведомствоға тән белгілермен толықтырылған ұлттық жіктеуіштерге енгізілмеген ақпарат (ҰЖ-тен үзінділер) жазылуға тиіс.

4.3 ТЭА жіктеу және кодтау әдістері

4.3.1 ТЭА объектілерін жіктеу әдістері иерархиялық және фасеттік болып бөледі.

4.3.2. ТЭА объектілерін кодтау әдістері жүйелі, параллел, реттік және реттік-сериялық болып бөлінеді.

4.3.3 Нақты жіктеуіште ТЭА жіктеу мен кодтау әдістерін таңдауды жіктеуішті әзірлеуші жүзеге асырады.

Ақпараттың ерекшелігіне және нақты жіктеуіштердің қолданылу саласына байланысты оларда жіктеу және кодтау әдістерінің түрлі жиынтықтары қолданылады.

4.3.4 Жіктеуіштердің кодтарын қорғау және ақпараттың өте шынайылығын қамтамасыз ету үшін ақпараттық өзара әрекеттің барлық кезеңдерінде кодтарға бақылау сандарын енгізеді. Бақылау сандары объект кодынан кейін қойылады.

Нақты ҰЖ бақылау сандарын қолдану туралы шешімді әзірлеуші ұйым уәкілетті органмен келісім бойынша қабылдайды.

4.3.5 Жіктеуіштердегі ТЭА объектілерінің атауы бірыңғай талаптар бойынша құрылуға тиіс. Жіктеуіштерде объектілер тізбесін қалыптастыруға негіз болатын халықаралық стандарттармен, мемлекетаралық және ұлттық стандарттарда белгіленген терминдерді қолдану керек.

Атауларында пайдаланылатын тілдік және белгілік құралдар ақпараттық жүйелерде қолданылатын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4.4 ТЭА жіктеуіштерін тіркеу және жүргізу

4.4.1 Жіктеуіштерді тіркеу

4.4.1.1 Белгіленген тәртіппен бекітілген жіктеуіштер ТЭА ҰЖ тізілімінде тіркелуге жатады.

4.4.1.2 Жіктеуіштердің санаттарына байланысты:

1) ҰЖ үшін - мемлекеттік тіркеу;

2) СЖ үшін – салалық (ведомстволық) тіркеу көзделген.

4.4.1.3 ҰЖ тіркеу тәртібі *ҚР СТ 5.2**-де белгіленген.

4.4.1.4 СЖ ведомстволық тіркеу тәртібін тиісті мемлекеттік органдар айқындайды.

4.4.2 Жіктеуішті жүргізу

4.4.2.1 Жіктеуіштерді жүргізу, ақпараттың растығы мен толықтығын қамтамасыз ету, жаңа объектілерді жіктеу және кодтау, жіктеуіштерді жетілдіру мақсатында оларға өзгерістер енгізу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жіктеуіштерді әзірлеуші ұйымдар тарапынан жүзеге асырылады.

ҚР СТ 5.0–2005

Депозитарийде жазылған техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері толық мәтінді электронды дерекқорда қалыптастырылады.

4.4.2.2 Уәкілетті орган белгіленген тәртіппен ҰЖ және әзірлеуші ұйымдардың ұсынуы бойынша оларға енгізілген өзгерістерді бекітеді.

4.4.2.3 Бекітіп, тіркелгеннен кейін «Мемлекеттік жіктеуіш ісі» [2] сәйкес ТЭА МЖ депозитарийіне берілуге тиіс.

4.4.2.4 Мемлекеттік жіктеуіштің (өзгерістің) бекітілгені (жойылғаны) туралы ақпарат, оларға енгізілген өзгерістер Қазақстан Республикасы стандарттарының ай сайын басып шығарылатын ақпараттық сілтемелеріне жарияланды.

5 ТЭА ҰЖ Депозитарийінің негізгі ережелері

5.1 Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийі [2] сәйкес Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры (бұдан әрі – Бірыңғай қор) базасында құрылады және құрамдас бөлігі болып табылады.

5.2 Депозитарий өзінің жұмысында [2] бойынша басшылыққа алады.

5.3 Депозитарий қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрамайтын бөлігінде мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді, ашық және мөлдір болып табылады.

А қосымшасы
(ақпараттық)
Техникалық-экономикалық ақпараттың
жіктеуіштерінің жіктеу объектілері

А.1 кестесі

Жіктеу объектілері	Ұлттық жіктеуіштердің атауы	Халықаралық (өңірлік) жіктеу атауы
1	2	3
Жұмысшылар кәсіптерінің және қызметшілер лауазымдарының топтары	Кәсіптер жіктеуіші	Кәсіптерді халықаралық стандартты жіктеу (КХСЖ) (International Standard Classification of Occupations - ISCO)
Бір профильді және көп профильді қызмет атқаратын заңды және жеке тұлғалардың экономикалық қызметтерінің барлық түрлері	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші	Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың экономикалық қызмет түрлерін статистикалық жіктеу (NACE Rev.2)
Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінде көзделген қызметтің белгілі бір түріне жатқызылған белгілі бір тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші	Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді статистикалық жіктеу (CPA 2008)
Кәсіптік қызмет салаларының кодтары, мамандық пен кәсіп, біліктілік атауы, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мамандықтар мен кәсіптер бойынша регламенттелген жалпы профиль бойынша ретке келтірілген кәсіби дайындық бағыттары бойынша кәсіптік білім беру деңгейлерінің кодтары. Жіктеуіш бастауыш және орта кәсіптік білім беру құжаттарын индекстеу	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіші	Халықаралық білім беруді стандартты жіктеу (ХБСЖ - 2011) (International Standard Classification of Education - ISCED - 2011)

ҚР СТ 5.0–2005

1	2	3
үшін пайдаланылады		
Әлем елдері деп тәуелсіз мемлекеттер және саяси, географиялық, тарихи ерекшеліктерге ие және сыртқы сауда операциялары, көлікпен тасымалдау және т.б. тұрғысынан мүдделік танытатын аумақтар ұғынылады	Елдерді және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін беруге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдер кодтары	ИСО 3166-1:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары» (International Standard ISO 3166-1:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 1: Country codes»)
ИСО 3166-1 енгізілген, елді, тәуелді аумақты немесе басқа да нақты геосаяси мүдде саласын бөлу нәтижесінде туындаған әкімшілік-аумақтық бөлімшелер	Елдерді және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін беруге арналған кодтар. 2-бөлім. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары	ИСО 3166-2:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 2-бөлім. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің кодтары (International Standard ISO 3166-2:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions -- Part 2: Country subdivision code»)
Елдердің, тәуелді аумақтардың немесе басқа да нақты геосаяси мүдде салаларының бұрын пайдаланылған атаулары	Елдерді және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін беруге арналған кодтар. 3-бөлім. Елдердің бұрын пайдаланылған атауларын белгілеу кодтары	ИСО 3166-3:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 3-бөлім. Елдердің бұрын пайдаланылған атауларының кодтары» (International Standard ISO 3166-3:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 3: Code for formerly used names of countries»)
Ұлттық валюталар - әлем елдері мен аумақтарының ақша бірліктері	Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар	ИСО 4217:2008 «Валюталар мен қорларды беруге арналған кодтар» (International Standard ISO 4217:2008 «Codes for the representation of currencies and funds»)
Қазақстан Республикасы бакалавриаты мен магистратурасының мамандықтары	Қазақстан Республикасы жоғары және кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуіші	Халықаралық білім беруді стандартты жіктеу (ХБСЖ-2011) (International Standard Classification of Education - ISCED - 2011)
Қазақстан Республикасында білім беруді мемлекеттік жіктеу	Қазақстан Республикасының білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жіктеуіші	Халықаралық білім беруді стандартты жіктеу (ХБСЖ-2011) (International Standard Classification of Education - ISCED - 2011)
Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық объектілерінің	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші	ИСО 3166-1:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің

ҚР СТ 5.0–2015

1	2	3
құрылымы, жүргізу тәртібі мен кодтары		кодтары» (International Standard ISO 3166-1:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 1: Country codes»)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер (зияткерлік меншік өнімдері)	Негізгі қорлар жіктеуіші	Ұлттық шоттар жүйесі 2008 жыл СНС-2008/SNA-2008); Имараттар түрлерінің жіктеуіші (КС/СС); Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші (СЭҚӨЖ/ СРА 2008)

Б қосымшасы
(міндетті)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі

(атауы)

(аббревиатурасы және белгіленуі)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Библиография

- [1] «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ ҚР Заңы.
- [2] 2015 жылғы 31 наурыздағы № 374 «Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы»
- [3] 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 «Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидалары»
- [4] Халықаралық білім беруді стандартты жіктеу (ХБСЖ) (International Standard Classification of Occupations - ISCO)
- [5] Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың экономикалық қызмет түрлерін статистикалық жіктеу (NACE Rev.2).
- [6] Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді статистикалық жіктеу (CPA 2008).
- [7] Халықаралық білімді стандартты жіктеу (ХБСЖ - 2011) (International Standard Classification of Education - ISCED - 2011). Ағылшын тіліндегі жарияланымның электронды мекенжайы (<http://www.uis.unesco.org/Education/Documents/isced-2011-en.pdf>), орыс тілінде (www.uis.unesco.org/Education/Documents/isced-2011-ru.pdf).
- [8] ISO 3166-1:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары» (International Standard ISO 3166-1:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 1: Country codes»)
- [9] ISO 3166-2:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 2-бөлім. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің кодтары» (ISO 3166-2:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 2: Country subdivision code»).
- [10] ISO 3166-3:2013 «Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлігі бірліктерінің атауларын көрсетуге арналған кодтар. 3-бөлім. Елдердің бұрын пайдаланылған атауларының кодтары» (ISO 3166-3:2013 «Codes for the representation of names of countries and their subdivisions. Part 3: Code for formerly used names of countries»).
- [11] ИСО 4217:2008 «Валюталар мен қорларды беруге арналған кодтар» (International Standard ISO 4217:2008 «Codes for the representation of currencies and funds») ISO 4217:2008/Cor.1:2008.

ҚР СТ 5.0–2005

[12] Ұлттық шоттар жүйесі 2008 жыл СНС-2008/SNA-2008); Имараттар түрлерінің жіктеуіші (КС/СС); Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші (СЭҚӨЖ/ СРА 2008).

ӘОЖ 681.3.065.4

МСЖ 35.040

Түйін сөздер: Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі, техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесі, жіктеу, кодтау, ТЭА ұлттық жіктеуіштерінің құрылымы, жүргізу, санаттары, тіркеу, салалық жіктеуіштер, ТЭА Депозитарийі



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Государственная система технического регулирования Республики Казахстан

**СИСТЕМА КЛАССИФИКАЦИИ И КОДИРОВАНИЯ
ТЕХНИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ**

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

СТ РК 5.0-2015

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан № 236-од от 24.11.2015 г.

3 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ

2020 год
5 лет

4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ РК 5.0-2005 «Государственная система технического регулирования Республики Казахстан. Система классификации и кодирования технико-экономической информации. Основные положения»

Информация об изменениях к настоящему классификатору публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации Республики Казахстан, а текст изменений и поправок - в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего классификатора соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Национальные стандарты»

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Государственная система технического регулирования
Республики Казахстан**

**СИСТЕМА КЛАССИФИКАЦИИ И КОДИРОВАНИЯ
ТЕХНИКО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ**

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Дата введения 2017-01-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает:

- область применения, термины и определения, общие положения системы классификации и кодирования технико-экономической информации Республики Казахстан (далее - СКК ТЭИ);
- категории и методы классификации и кодирования технико-экономической информации (далее - ТЭИ);
- основные положения регистрации и ведения классификаторов;
- основные положения Депозитария национальных классификаторов технико-экономической информации (далее - НК ТЭИ).

Требования стандарта распространяются на государственные органы, физические и юридические лица, использующие в своей деятельности объекты СКК ТЭИ.

2 Нормативные ссылки

Для применения настоящего стандарта необходимы следующие ссылочные документы. Для недатированных ссылок применяют последнее издание ссылочного документа (включая все его изменения).

